



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 20 қаңтардағы

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 28

город Алматы

«Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға қолдау көрсету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Халыққа, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, қаржылық жағдайды қалпына келтіру және банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларын болдырмау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға қолдау көрсету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кредиттік ұйымдар төтенше жағдай кезеңінде қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы немесе келтірілген зиян туралы ақпарат болған кезде қарыз алушының банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұруды (бұдан әрі – кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру) жүзеге асырады.

Кредиттік ұйым қарыз алушының кредиті бойынша 2022 жылғы 5 қаңтар – 2022 жылғы 5 сәуір аралығындағы кезеңде төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынады. Қарыз алушының және кредиттік ұйымның өзара келісімі бойынша ақы төлеуді кейінге қалдырудың өзге мерзімі белгіленуі мүмкін.»;

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтініш кредиттік ұйымға 2022 жылғы 4 сәуірге дейін (қоса алғанда) берілуі мүмкін.»;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі кредиттік ұйымның қарыз алушымен келіскен банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартының талаптарын өзгерту нәтижесінде төлем мерзімі кейінге қалдырылған

бұрынғы төлемдерді қарыз мерзімінің соңына дейін тең бөлу не қарыз мерзімін төлем мерзімі кейінге қалдырылған кезеңге ұлғайту түрінде жаңа төлемдер кестесін белгілеу жолымен беріледі.»;

10-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Кредиттік ұйымдарға өтініштерді қарағаны және банктік қарыз, микрокредит және (немесе) кепіл шарттарын және өзге байланысты шарттарды өзгерткені үшін қарыз алушылардан комиссиялар мен өзге төлемдер алуға тыйым салынады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңінде кредиттік ұйым:

қарыз алушының банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша айыпақы (айыппұлдар, өсімпұлдар) есептемейді және төлеуін талап етпейді;

есептелген және мерзімі өткен сыйақыны, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш сомасына капиталдандыруды (қосуды) жүзеге асырмайды.».

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, ломбардтарды, кредиттік серіктестіктерді қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.

Төраға

М. Әбілқасымова